



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСİNДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

ҒАЛЫМ Г. СМАҒҰЛОВАНЫҢ ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІН ЗЕРТТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Рахимова Айна Маратқызы

философия докторы (PhD)

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Фразеологизмдер – ұлт танымы мен болмысынан хабар беретін күрделі тілдік бірліктер. Олардың ментальды ерекшеліктеріне назар аударып, лингвистикалық және мәдени белгілерін зерттеу бүгінде қалыпты түсінікке айналып отыр. Дегенмен отандық тіл білімі тұрғысында тұрақты тіркестер арқылы халықтың жаратылысын зерделеу өз бастауын кейінірек алды. Бұл бағыттағы іргелі ізденістердің бастауында көрнекті ғалым Г.Н. Смағұлова тұр. Ғалымның бастауымен фразеологизмдер тілдік аспект тұрғысынан ғана қарастырылып қоймай, олардың когнитивті, мәдени, ментальды, аксеологиялық қырлары жіті зерттеле бастады. Жалпы, аталған арнадағы жұмыстар нәтижесінде қазақ фразеологиясы жаңа сипат алды. Зерттеу объектілерінің саны артып, тың мағлұматтар алынды. Біздің пікірімізше, Г.Смағұлованың фразеологиядағы ғылыми жаңалықтарының нәтижесінде бірнеше нақты ғылыми тұжырымдар пайда болды.

Оның ішінде келесідей жайттарға назар аудару керек:

1. фразеологизмдер қазақ халқының дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындау құралына айналды.

2. тұрақты тіркестерді зерттеудің жаңа ғылыми-әдістемелік негіздері жасалды.

3. фразеологизмдер негізінде ұлттың айрықша сапалары айқындалып, ғылыми қауымдастыққа ұсынылды.

4. ғылыми нәтижелер жаңа бағыттағы лингвистикалық зерттеулерге жол ашты.

Көрсетіліп отырған маңызды мәселелер ғалымның «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» секілді іргелі еңбектері мен көптеген зерттеу мақалаларында көрініс тапты. Осылайша, Г.Смағұлова І.Кеңесбаевтан бастау алған ғылыми міндеттерді толық көлемде орындады деп айту әбден заңды. Алайда біздің ойымызша, ғалымның фразеология саласындағы зерттеулерінің ең құнды тұсы өзі қалыптастырған ғылыми зерттеу әдістері болып саналады. Біз бұл жайтты «зерттеушінің фразеологиялық қолтаңбасы» деген атаумен қарастыру қажет деп білеміз.

Басты ерекшеліктерді «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» еңбегінен байқауға болады. Өз зерттеуінде ғалым «Мақсат – қазақ ұлтының баға жетпес рухани құндылықтарының бірі тұрақты тіркестер – фразеологизмдердің қазіргі ғылыми зерттеу нысанындағы парадигмаларын анықтау және ғылыми нәтижелерін талдау» [1;15] дейді. Солайша, зерттеудегі міндет – қазақ фразеологизмдерін жаңа бағытта зерттеп, олардың бүгінгі кескінін айқындау болған. Осы себепті де онда қаралған мәселелер өзекті болып табылады. Себебі ғылыми мәселені саралауда бірнеше аспекттері мен кешенді зерттеуден тұратын күрделі жұмыс атқарылған. Тұрақты тіркестер тіл білімінің жаңа бағыттарына сай актуалды ғылыми баға алды. Зерттеудегі фразеологизмдерді қарастырудың екі басты өзгешелігі бар. Олардың бірінішісі – тұрақты тіркестерді дискурстық белгілеріне қатысты зерттеу, екіншісі – когнитивті-мәдениеттанымдық аспектіде қарастыру. Осының негізінде тұрақты тіркестерде көрініс тапқан ұлттық специфика айқындалды. Біздің пікірімізше, осы екі қағида қазақ фразеологизмдерін зерттеудегі тың ұстанымдар ретінде енді.

Бірінші тоқталатын мәселе фразеологизмдерді дискурстық аспектіде қарастыру. Бұл ерекшелікке тоқталу себебіміз Г.Смағұлова қазақ тұрақты тіркестерін кей зерттеулердегі сынды қатаң дискурстық шеңберде ғана қарастырмаған. Керісінше, фразеологизмдердің ұлттық ерекшелігінің негізінде олардың дискурстық қасиеттерін талдаған. Аталған мәселеде қазақ мақал-мәтелдерін де зерттеуге алған. Мәселен, өз зерттеуінде ғалым фразеологизмдердің неологиялық және деривациялық қырларын қарастырады. Заман әсері мен

экстралингвистикалық факторлардың ықпалы тұрақты тіркестерге де әсер етіп, оларды айналып өтпегеніне назар аударады. Сөздік қорға жаңа бірліктердің енуі «неологизм» болса, бүгінгі тілімізге жаңа тұрақты тіркестердің кіруі «неофразеологизмдер» деп айтады. Нақты мысалдар келтіре отырып, «қазіргі фразеологияда болып жатқан өзгерістердің ең бастысы – неологизация, яғни жаңа фразеологиялық тұлғалардың пайда болуы» [1;91] дейді. Солайша, ғалым тілдегі өзгерістердің ұлт танымында да орын алып, оның нәтижесі фразеологизмдер арқылы вербалданып отырғанын көрсетеді. Назар аударатын жайт ғалым осы процесті туындатушы факторларды да айқындап берген. Олар:

- Қоғамдағы әлеуметтік-саяси оқиғалар
- Урбанизация әсерінен жаргон, варваризмдердің тілге ықпал жасауы
- Қылмыстық факторлардың әсері
- Масс-медиа факторы [1;93].

Г.Смағұлованың анықтаған факторлар тілдің сөздік қоры мен фразеологиялық жүйесіне әсер етіп келе жатқаны күні бүгінге дейін байқалып отыр. Сондықтан бұл тұтас тіл жүйесінің заңдылықтарын көрсететін нәрсе.

Қазақ фразеологиясындағы неология құбылысының ішінде ерекше назар аударуды қажет ететін жастардың тыйым сөздерге әуестенуі мен жаргон сөздерді қолдануды сәнге айналдыруы. Бұларға дәлел ретінде мынандай бірліктер көрсетілген: «фарын сындыру», «кұлақтан тебу», «қоянның суретін салып кету», «лақтырып кету», «духы жетпеу» және т.б. Бүгінгі дискурстық қарым-қатынас барысында әсерлі қазақ тіркестерінің орнын осындай жат, тұрпайы бірліктер қолданылуы дағдыға айналды. Ол тіл мен сөз мәдениетінің тікелей құлдырауына алып келіп отыр. Г.Смағұлова осыған назар аударып бұл жайтты «жастар тілінің созылмалы ауруы» деп атайды [1;94]. Байқайтын болсақ аталған мәселеде қазақ тілінің күрделі өзгерістерге ұшырауы анық көрініс тақан. Жоғарыда сипатталып отырған тілдік құбылысқа алғаш назар аударып, фразеология ғылымы тұрғысынан баға берген Г.Смағұлова. Басты ерекшелік, ғалым дискурс ерекшелігін талдауда сипаттамалы әдіс аясымен шектелмей, мәселені толық зерттеуде қоғамдық факторларды алға қоя отырып саралаған. Бұл зерттеушінің өзіне тән дербес белгілердің бірі. Екінші жағынан, ғалым тұрақты тіркестердегі неологизация құбылысының тұтас тіл экологиясына әсер етіп, танымдық өзгерістерді туындататынын дәлелдеді.

Дискурс мәселесіне қатысты екінші тоқталатын жайт – мәдени-қатысымдық аспект. Өз зерттеуінде ғалым фразеологизмдердің екі функционалдық қызметін көрсетеді. Оның алғашқысы тұрақты тіркестердің мәдени қызметі. Орыс тілінің ықпалы, экстралингвистикалық факторлар, жаһандану процесі қазақ тілін айналып өткен жоқ. Бұл фразеологизмдердің мәдени факторға байланысты екі түрлі қолданылуына алып келді. Бірінші жағдайда тұрақты тіркестер ұлтқа тән барлық ерекшеліктерді жинақтап, тіл байлығын сақтаушы қызметін атқарады. Тілдік және мәдени экспансияға төтеп беруші және тіл иммунитетін қалыптастырушы жалғыз құрал ретінде қарастырылды. Бұл туралы ғалым: «Ұлттың өзіндік ұлттық танымын танытатын стереотиптері оның ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде жатыр» [1;107]. Өз ойын жалғастыра келіп: «Қазақ тіліндегі паремиялогиялық, фразеологиялық қордан ұлт өмірінің менталдық таным ерекшелігі және тұрмыс-тіршілігінің мәдениеті байқалады» [1;107] деген. Бұл пікір фразеологизмдер мен паремиялардың лингвистикалық қызметінен гөрі, мәдени-танымдық рөлінің басым екендігін айғақтайды. Екінші қарастыратын жайт – фразеологизмдердің ұлттық интеллектуалды әлеуетті қалыптастыруы. «Фразеологиялық мағынаны білу, қолданысты дұрыс пайдалану интеллектуалды іс-әрекеттің тереңдігіне, таным мен ойлауға, интуицияға байланысты» [1;109]. Көркем де, дәл, анық сөйлеу қазақ ұлтының айнымас қасиеттерінің бірі. Әсіресе, тұрақты тіркестерді мол өндіру, олардың бай синонимдік қатарын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінде ойды фразеологизмдермен жеткізу жоғары интеллектуалды деңгейді білдіреді. Осыған байланысты қазақ ұлтының спецификалық ақыл-ой қабілетінің кілті фразеологизмдер болмақ. Ұлт мінезінің бұл қырын аша отырып ғалым: «Біздің сөйлеу мәдениетімізде бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер уақыт өткен сайын күннен күнге

азайып, жеткізу өрісінде сөзіміз нәрсіз қысқа қайырылатын, үнемделген үнсіздікке ойысып барады. Бұл тіл экологиясы деген мәселеге алып келді» [1;109] дейді. Яғни, қазақтың тіл арқылы ойлау мен пайымдау, сезу мен сезіне білу қабілеті қазіргі уақытта күрделі өзгерістерге ұшырап жатыр. Ол тілді қолданушылардың сөйлеу әрекетінен, жұтандығынан байқалуда. Өкініштісі сол Г.Смағұлова айқындаған тіл экологиясы проблемасы қазір де өзектілігін жоймай отыр. Бұл біздің ойымызша, фразеологизмдердің ұлт мәдениеті мен қасиетін сақтаушы элемент ретінде қолданылудан қалып, жас ұрпақты интеллектуалды жетілдіру ісінде тұрақты тіркестер, паремиялар мен тіл қазыналарының ығысу себептерімен байланысты. Келесі пікір бұл ойды дәлелдейді: «Қазіргі жастар тілінің жұтандығы, қысқа қайырыммен сөйлеуі, ойларын жеткізудегі мәнерлілігінің жоқтығы күн санап, уақыт озған сайын тереңдеп барады» [1;108]. Жоғарыдағы пікірлер негізінде фразеологизмдердің қазақ интеллектуалды болмысында айқындаушы рөл атқаратыны белгілі болып отыр. Екіншіден, тоқталып кеткен неологизация, лингвоэкология факторларының әсерінен тұрақты тіркестердің дәстүрлі қолданылу тәртібі өзгерді. Бұл жас ұрпақтың интеллектуалды қалыптасу процесінде фразеологизмдердің біртіндеп ығысуын байқатады. Оның салдары соңғы кезде кейінгі буынның лингвистикалық интеллектісінің төмендеуіне алып келгені айқын болып отыр.

Үшінші тоқталатын нәрсе – фразеологизмдерді танымдық негізде зерттеу. Ғалымның бұл мәселеде анықтаған жаңалықтары тұрақты тіркестердің ұлт пен жеке тұлғаның ментальды табиғатын тануда жаңа принциптердің пайда болуына алып келді. Нақтырақ айтқанда, «Әлемнің көрінісін әр ұлт өзінше таниды, болмысына қарай қабылдайды, өз тілінде бағалайды, суреттейді» [1;99] деп қазақ тұрақты тіркестерінің ұлтты танудың кілті екенін анық айтады. Жалпы, фразеологизмдердің танымға ықпалын ғалым екі басты ұғым арқылы көрсетеді. Олар: фразеологиялық қор және тілдік тұлға. Бұл турасында «Фразеология дербес пән болғандықтан лексикологиядағы сөздік қор сияқты тұрақты тіркестер жүйесін жинақтаған қазақ тілінде фразеологиялық қор бар. Фразеологиялық қор толығып отырады» [1;99] дейді. Яғни, фразеологиялық қордың толығып, байып отыруы жаңа тұрақты тіркестердің жасалуы, көркем шығармалардағы окказионал тіркестердің тұрақтануы, неофразеологизмдердің пайда болуы секілді жағдайлармен тікелей байланысты. Осындай факторлардың әсерінен және жаңа бірліктерді өндіру нәтижесінде фразеологиялық қор толығады. Оның молаю процесі көп жағдайда тілге жатық, табиғи тіркестердің өндірілуі. Бұл авторлық окказионал тіркестерді пайда болуымен байланысты. Ал, оларды жасау дегеніміз нақты тілдік-танымдық әрекеттің нәтижесі. Екінші белгі тілдік тұлға. Ол жайлы: «Сөз шеберлері ана тілінің мәйегін бар мүмкіндігінше пайдаланып, ұлт тілінің сөздік қоры мен құрамын байытуда өзіндік қолтаңбасын қалдырған жеке тұлғалар. Олар өзгелерден бөлектеу әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы ұлттың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал еткені анық. Бұл ретте «тұлға» сөзінің мағыналық шеңберін кеңейте отырып, «тілдік тұлға» туралы жан-жақты айту керек» [1;99] деген пікір білдіреді. Солайша, тілдік бірліктерді өндіріп, қолданысқа енгізушілердің жеке лингвистикалық қабілеттеріне байланысты оларды «тілдік тұлға» ретінде қарау орынды. Сондай-ақ, тіліміздегі «от ауызды, орақ тілді», «топ жарған», «қаламы желді», «тілінен бал тамған» және басқа да көптеген тілдік бірліктер қазақ тілдік тұлғасын нақты меңзейді. Шығармашылық әрекет нәтижесінде, көлемді туындалар арқылы тілімізге көптеген тілдік бірліктер мен тіркестер енгізіп кеткен тұлғалар жеткілікті. Олардың өздеріне ғана тән болған тұрақты тіркестер уақыт өте келе халық арасына тарап, тіл кеңістігінде берік орнықты. Бұл фразеологизмдерді зерттеуде «тілдік тұлға» және «фразеологиялық қор» мәселелерінің қарастырылуы керектігін аңғартты.

Талданып отырған ақпараттарға сүйене отырып Г.Смағұлованы фразеология ғылымына үлкен үлес қосты деп сеніммен айта аламыз. Ғалым көлемді де, өзекті ғылыми нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа ұсына отырып, тұтасты тіркестерді зерттеуде жаңа қағидаларды енгізді. Лингвистиканың канондық-дәстүрлі концепциясынан алшақтап, тіл бірліктері арқылы ұлт танымын, ментальды табиғатын, мәдени-рухани кескін-келбетін айқындауға болатынын дәлелдеді. Тұрақты тіркестердің лингвистика кеңістігінде қалып

қоймай, халық болмысына терең орнығатынын айғақтады. Осындай күрделі ізденістер нәтижесінде қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистика, фразеология, этнолингвистика бағыттары жаңа белеске көтерілді.

Әдебиет

Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы. «Елтаным баспасы». 2020. 253 б.